

"2015 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №343 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 229 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қазанда № 2810 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне" сәйкес Сарысу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"2015 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2482 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 ақпандағы № 13 аудандық "Сарысу" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныстың:

қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бағанасындағы "50 000" деген сандар "32 046" деген сандармен ауыстырылсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Көкей Олжас Тұрғынұлына жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қыркүйегінен туындайтын қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Б. Жайлыбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігі Жамбыл облысының Ішкі істер

департаментінің Сарысу ауданының
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Қ. Қапаров

28 қыркүйек 2015 жыл

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрлігінің Жамбыл облысы Жаңатас
қаласының Қорғаныс істері жөніндегі
біріктірілген бөлімі" республикалық
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Е. Бахтияров

28 қыркүйек 2015 жыл